



**МАЛШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН  
КЕҢЕСТЕМЕ**

# **МАЛШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕМЕ**

Улаанбаатар қаласы  
2019 жыл

Аталмыш кеңестемені қайта басуға рұқсат берген БҰҰ-ның Азық-түлік, ауыл шаруашылығы ұйымына алғыс білдіреміз.

Құрастырушылар:

С.Жигжидсүрэн – Ауыл шаруашылығы ғылыми институты

Д.Самданжамц – Моңғолияның Мал тану және мал өсірушілер одағы

С.Жигжидпүрэв – БҰҰ-ның Азық-түлік, ауыл шаруашылығы ұйымы

О.Амартүвшин – Балаларды қолдау қорының қызметкері

Суреттердің авторлық құқы Балаларды қолдау қорына тиесілі

ISBN 978-99973-0-917-4

## АЛҒЫ СӨЗ

Балаларды қолдау қоры – 1919 жылы орнаған, дін және саясаттан тысқары, балалар үшінгі іс-қызметі тұрғысынан әлемдегі көшбасшы халықаралық дербес ұйым болып табылады.

Балаларды қолдау қоры қоғамдық және саяси ахуалдардың өзгеруі, табиғи апат, төтенше жағдайларда, сондай-ақ, ұзақ мерзімдік даму саясатын жүзеге асыру барысында балаларды қорғап, олардың құқын кешенді түрде қамтамасыз ету ісін қолдап жұмыстап келеді.

Балаларды қолдау қорының Моңғолиядағы бағдарламасы 1994 жылдан бері моңғол балаларының өмір тіршілігіне ұзақ мерзімді, тұрақты өзгерістер әкелу қағидасын ұстанып жұмыстауда. Қазіргі таңда гуманитарлық көмек, білім беру, балаларды қорғау, бала құқы, денсаулығы, балалар кедейшілігін азайту бағдарламаларын жүзеге асырып отыр.

1999 жылдан бастап гуманитарлық жедел көмек, ерте қайта қалпына келтіру, апат қаупін азайту бағытында жұмыстар жасалуда. Мәселен, 2016, 2017 жылғы қысқы және көктемгі қиыншылық жағдайларда малшылардың денсаулығы мен тұрмысын қорғау, олардың балаларының білімін қолдау тұрғысында гуманитарлық қайтарымсыз көмек көрсетілді. Сонымен қатар, 2018 жылдың шілде айында болған сел апатынан айтарлықтай зардап шеккен отбасыларға, олардың балаларына білім беру және психологиялық қолдау көрсету жобасына 900 баланы қамтып, жүзеге асырудамыз.

Ал, осы жолы қыс және көктем мезгілдерінде қиындықтар туындаудан бұрын шағын малды мақсатты топтағы малшы отбасыларының тұрмысын қолдау бағытында алдын алу жобасын Баян-Өлгий аймағының Баяннуур, Цэнгэл, Булган, Ховд аймағының Эрдэнэбүрэн, Чандмань, Дарви, Мөст сумындарында жүзеге асырудамыз.

Малшыларға арналған осынау кеңестемені әзірлеуге мамандық кеңес, бағдар берген жергілікті жердің Азық-түлік, ауыл-шаруашылық басқармасы, Мал дәрігері, тұқым селекция басқармасының басшылығына алғыс айтамыз.

## МАЗМҰНЫ

1. Балаларды қолдау қоры туралы .....	5
2. Жұт ауыртпалығының алдын алу жобасы туралы .....	7
3. Малдың кебегін қолдану туралы нұсқау.....	8
4. Жұт және оның түрлері .....	9
5. Малшылардың денсаулығын қорғауға арналған кеңес .....	10
6. Бала қорғаншылығы жөніндегі кеңес .....	12
7. Мал және жан-жануарларға бағытталған іс-қызмет барысында ұстанатын нұсқау, стандарт .....	15
8. Малды жылдан аман-есен шығару хақында кеңес .....	16
9. Жайылымды тиімді пайдалану .....	18
10. Табиғаттың кездейсоқ жағдайларынан туындаған мал ауруларын жазу амалдары .....	19
11. Көтерем малды тыңайтатын жем әзірлеудің кейбір рецепттері .....	20
11.1. Қарапайым жем әзірлеу тәсілі .....	20
11.2. Жан-жануар текті жем дайындау тәсілі .....	22
11.3. Ақсыз туған малды жемдеу тәсілі .....	24
11.4. Төл жемдеу амалдары .....	25
11.5. Марқалаған төлді жемдеу тәсілі .....	29
11.6. Жергілікті жер қорымен қол жем дайындау .....	30
12. Өлген малдың жемтігін жою туралы кеңестеме .....	31

## 1.БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ҚОРЫ ТУРАЛЫ

Балаларды қолдау қоры – 1919 жылы орнаған, дін және саясаттан тысқары, балалар үшінгі іс-қызметі тұрғысынан әлемдегі көшбасшы халықаралық дербес ұйым болып табылады.



Балаларды қолдау қоры қоғамдық және саяси ахуалдардың өзгеруі, табиғи апат, төтенше жағдай жағдайында, сондай-ақ, ұзақ мерзімдік даму саясатын жүзеге асыру барысында балаларды қорғап, олардың құқын кешенді түрде қамтамасыз ету ісін қолдап жұмыстап келді.

Балаларды қолдау қорының халықаралық қауымдастығы әлемнің 120-дан астам елінде іс-қызмет жүргізеді. Аталмыш ұйым Моңғолияда 1994 жылдан бастап балалардың құқын қамтамасыз ету, дамыту және олардың жырғаулы тұрмысы үшін жұмыс жасап отыр. 1994-2009 жылдары Ұлы Британияның Балаларды қолдау қорының, 2009 жылдан бері Жапонияның Балаларды қолдау қорының құрамындағы аталмыш бағдарлама балалардың өмір тіршілігінде ұзақ мерзімді, тұрақты өзгеріс пайда болдыру қағидасын ұстанып, қордаланған мәселелерге нақты, жүйелі түрде шешім табу әдістемесін басшылыққа алып жұмыстайды. Жапонияның Балаларды қолдау қорының Моңғолиядағы бағдарламасы Білім, Бала қорғаншылығы, Балалардың құқықтық жүйесі, Балалар кедейшілігі және Гуманитарлық бағдарламаларды Улаанбаатар қаласы, Дорнод, Архангай, Өвөрхангай аймақтарында жүзеге асырып отыр.

Біз 2015-2016, 2016-2017 жылдарда Моңғолияда орын алған жұт апатында гуманитарлық жедел көмек, алғашқы қайта қалпына келтіру, қауіп-қатерді азайту шараларына арнап 2016 жылы 1,2 миллион, 2017 жылы 890,7 мың АҚШ долларының қаржысын тұрғыздық. Сонымен қатар, 2018 жылдың шілде айында селге душар болған Баян-Өлгий аймағының мақсатты топтағы 4 жанұясының баспана, үй жабдықтарын алуына қолдау көрсетілді. Барлығы 133 мың доллардың қаржысы тұрғызылып, селге душар болған отбасылар мен олардың балаларына баспана көмегі, білім беру, елеуметтік-психологиялық қолдау көрсетілуде. Аталмыш жоба аясында 900-ге жуық бала мен олардың жанұяларымен қоян-қолтық жұмыстап отырмыз. Ал, гуманитарлық салада бала қорғаншылығы, білім беру, азық-түлік қауіпсіздігі мен тұрмысты қорғау, денсаулық сақтау бағытында іс-қызмет жүргізіледі. Сонымен қатар, Біріккен ұлттар ұйымының Балалар қорымен бірлесіп Моңғолияның гуманитарлық командасының білім тобына басшылық жасап жұмыстаудамыз.

**Біздің асыл мұратымыз:** Әрбір бала дені сау саламатты өмір сүретін, қорғалатын, дамитын, әр нәрсеге қатысу құқына иелік ететін әлем пайда болдыру;

**Біздің ізгі мақсатымыз:** Нақты ілгерілеушілік пайда болдыру арқылы балалардың өміріне оң ықпал етіп, ұзақ мерзімді өзгеріс әкелу.

Балаларды қолдау қорының 2017 жылы жеткен жетістіктері мен

атқарған жұмыстарына тоқталсақ:

**Гуманитарлық бағдарлама:** Әр жыл сайын болатын жұт малшы отбасылардың тұрмысына, күнкөрісіне қиындықтар туындатумен қатар, олардың балаларының психологиясы мен білім алуына кері әсерін тигізіп жатты. Сондықтан біз 863,500 америка доллары көлемінде қаражат тұрғызып, малшы отбасылардың тұрмыс тіршілігін қорғау, дер кезінде алғашқы сатылы дәрігерлік көмек алуына жәрдемдесетін, балалардың психологиялық, денсаулық және білім қажеттілігін қамтамасыз ету бағытында жұмыстар ұйымдастырдық.

**Білім:** 2015 жылдан бастап жүзеге асқан бірінші сынып оқушыларының оқу қабілетін арттыруға қолдау көрсету жобасы 2018 жылдың алғашқы жартысында сәтті аяқталды. Астананың Баянзүрх, Чингэлтэй, Сонгинохайрхан аудандарының жалпы білім беретін 24 мектебінің 26200-ге жуық бастауыш сынып оқушысы және осы мектептердің 8900-ден астам ата-анасын, 1900-ден астам ұстаздарын қамтыған бұл жоба мектепке ілесушілердің арасында көптеп кездесетін түйткілді мәселелерді азайту жолында мектептің саясатын, ортасы, мұғалімдердің әдістемесі, ата-аналардың қатысымы, ынтымақтастығын жақсартып, айтарлықтай нәтижеге жетті. Аталмыш жылдың наурыз айынан бастап әрбір баланы білімге тең дәрежеде қамту қағидасын қолдайтын 3 жылдық жоба жүзеге аса бастады. Бұған астананың жалпы білім беретін 6 мектебі, 3 ауданның Ғұмырлық білім беру орталықтары және Өвөрхангай, Ховд аймақтарынан бір бір мектебі және Ғұмырлық білім беру орталығы қамтылып отыр. Аталмыш жоба аясында білім берудің тең дәрежеде қамти отырып оқыту саясатын жүзеге асыруға бағытталған оқытулар, ықпал ету шаралары ұйымдастырылады. Бұл жобалардың қаржыландырушысы Жапонияның Сырты істер министрлігі болып отыр.

**Балалардың қорғаншылығы:** Балаларды қолдау қорының Балаларды қорғау бағдарламасы балаларды, әсіресе, ауыр жағдайда өмір сүріп жатқан бүлдіршіндерді зорлық-зомбылық, қыспақ, қанаушылық, елемеушіліктің алдын алу, қорғау даяшылығын көрсету, әдістемелік қолдау көрсету бағытында іс-қызмет жүргізеді. Бала қорғаншылығы жүйесін нығайтуға бағытталған жоба жүзеге асырып, Улаанбаатар қаласы мен Архангай аймағының 9 сұмыны, бақ, микро аудандарының бірлескен топтарының 165 мүшесінің бала қорғаншылығы және көрме даяшылығы туралы түсініктері жоғарылатылып, білімі арттырылды. Сонымен қатар, тәрбиенің оң амал-тәсілдері жөнінде ұласпалы оқытуларға 324 ата-ана, асыраушыны қамтылып, көпшілікке бағытталған ықпал ету шаралары 82704 адам, 19715 отбасының 28637 баласына жетті.

**Балалардың құқықтық жүйесі:** Балалардың құқықтық жүйесі бағдарламасы БҰҰ-ның Балалар құқы жөніндегі конвенциясының жүзеге асу барысын қорытындылағанда балалар мен азаматтық ұйымдар, адам құқын қорғаушы ұйымдардың біліктілігін, нәтижелі қатысымын қолдау, балалардың жоғарғы құқын қамтамасыз ете отырып оны жүзеге асыратын

сындарлы жүйе пайда болдыру және нығайту мақсатында міндет жүктеуші тараптарды ақпаратпен қамтамасыз ету, балаларға арналған қаражат көздерін молайту бағытында жұмыстауда.

**Балалар кедейшілігін азайту:** Бизнестік білім және энтрепренерлік қабілет меңгерту бағдарламасы әзірленіп жатыр. Аталмыш бағдарламаның мақсаты – балалар мен жастардың өз-өзіне сенімді, ақылды, іскер, бизнес пен қоғамның болашақ көшбасшылары болып қалыптасуына қолдау көрсету болып табылады.

**Денсаулық:** Денсаулық саласының “Денан” жобасы Архангай аймағының Тариат, Эрдэнэмандал сұмындарының сұмынаралық ауруханаларының даяшылығын жақсарту, жергілікті азаматтардың денсаулығын қолдау мақсатында жүзеге асуда. Аталмыш жоба осымен алтыншы жылда жүзеге асырылып, медициналық құрал-жабдық, материалдар беру, дәрігерлер дайындау оқытуы, мониторинг ұйымдастыру бағытында жұмыстар атқарылды.

## **2.ЖҰТ АУЫРТПАЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОБАСЫ**

**2018.12.29-2019.02.11.**

**Жоба жүзеге асатын өлке:**

Баян-Өлгий аймағының Баяннуур, Булган, Цэнгэл сұмыны  
Ховд аймағының Мөст, Дарви, Чандмань, Эрдэнэбүрэн сұмыны

**Жобаның мақсаты:** Жұт ауыртпалығына ұрыну қаупі жоғары 831 малшы отбасының тұрмыс тіршілігін қорғау.

**Жобаның жұмыстары:**

- Жұтауыртпалығына ұрыну қаупі жоғары 800-дей малшы отбасына малдың жем-шөп көмегін көрсету арқылы қиыншылықтардың алдын алу
- Жоғарыдағы отбасылар мен олардың балалары аса қажетті заттарды затып алуы үшін ақшалай көмек көрсету
- Жұт жағдайында малшылардың балаларының білімі, денсаулығы мәселесі елеусіз қалудың алдын алу мақсатында бала қорғаншылығы және білім, денсаулық жөнінде оқу құралдарын тарату, ақпарат жеткізу
- Жобаның нәтижесі жөніндегі кездесуді Баян-Өлгий, Ховд аймақтары мен Улаанбаатар қаласында ұйымдастырып, жобаны жүзеге асыру барысында жинақталған тәжірибе, сабақтарды тиісті тараптармен бөлісу

**Бірлесіп жұмыстайтын ұйым-мекемелер:**

- Баян-Өлгий, Ховд аймақтарының мақсатты сұмындарының АӨХ, әкімшілігі
- Баян-Өлгий, Ховд аймақтарының Төтенше жағдайлар



басқармасы

- Баян-Өлгий, Ховдаймақтарының Азық-түлік, ауыл шаруашылығы басқармасы
- Баян-Өлгий, Ховд аймақтарының Су және ауа райы, қоршаған ортаны зерттеу орталықтары
- Банк бөлімшелері мен есеп-қисап орталықтары

#### **Жобаға қамтылатын малшы отбасыларына қойылатын талап:**

- Өз малын малданып отырған малшы отбасы
- Қойға шаққанда 200-ге жуық малды болу
- Отбасының әлсіз жақтарының қосымша көрсеткіштері ескеріледі.

Мұнда:

- Отбасылық кірісінің аздығы
- Жалғыз басты малшы отбасы
- Отбасының 18-ге дейінгі жастағы баласының саны
- Отбасының 18 жасқа толған, жоғарғы мектеп немесе Кәсіптік оқыту, өндірістік орталығында оқып жатқан баласының саны
- Отбасында жүкті немесе омырауда баласы бар әйел барлығы
- Отбасында мүмкіндігі шектеулі немесе аурухананың тұрақты бақылауындағы ауыр науқастың бар болуы
- Отбасындағы қарттардың саны /55-тен жоғары жастағы әйел, 60-тан жоғары жастағы еркек/

**Жобаға байланысты ұсыныс, тілектерді қабылдайтын телефон: 86294334 /жұмыс күндері 08:30-17:30 сағат аралығында/**

### **3.БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ҚОРЫНАН БЕРІЛЕТІН МАЛ КЕБЕГІН ҚОЛДАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

**Құрамы:** Крахмал, ақ уыз, дәрумен, Е, В санатындағы минералды заттар



**Қолданылуы:** Кебекті тұзды сумен дымдап, сауын сиырға 3-4 кг, ұсақ малға 500-600 граммнан береді. Бықтырылған кебекті жеке немесе өзге жемдермен араластырып, ірі қара малға 1-2 кг, ұсақ малға 300-400 граммнан күніне 1 рет береді.

**Сақталуы:** Құрғақ, салқын жағдайда сақталады.

**Ескерту:** Мөлшерден артық беруден сақтанған жөн. Сонымен қатар, жұтып қоюдан, көзіңізге тигізіпалудан абай

болыңыз. Қолданған соң қолыңызды жуыңыз. Тұрмыста қолданатын суға араластыруға болмайды. Балалардан аулақ ұстаңыз.

#### 4.ЖҰТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Жұт дегеніміз суық мезгілде ауа райының қолайсыздығы салдарынан жайылымдық мал шаруашылығына және аймақтың, елдің экономикасына, қоғамға айтарлықтай зиян келтіретін табиғи құбылыс. Жұтты қарқынына қарай “жұтты”, “жұтаңқы” деп бөледі. Малдың жайылымда жайыла алмауына байланысты жұтты ақ, қара, тұяқ, боранды, темір немесе мұз жұт, т.б деп те бөледі.

Күз және көктем мезгілдерінде мол мөлшерде қар жауып, жайылымдағы шөп қарға басылып, мал шөп таба алмай ашығу салдарынан көптеп шығынға ұшырарлық жағдайдың туындауын ақ жұт дейді. Ақ жұт кезінде қар еріп жауады және түскен қар еріп, топырақтың беткі қабаты мұз құрсаанады. Жайылымның шөбі өзара ұстасып қатып қалатындықтан, мал тарпыса да шөп тауып жей алмайды, сирағының жүні, тұяғы түсуге дейін екеліп соқтырады.

Жайылымдағы қардың тығыздығы қай қай өлкеде де 0,20-0,24 гр/см<sup>3</sup>, қардың орташа қалыңдығы таулы және орманды жазық алқаптарда 16 см, жазық жерлерде 11 см, говь, шөл өлкелерде 5 см-ден жоғары болса, ақ жұтаңқылық дейді. Жазда қуаңшылық, құрғақшылық болған өлкеде қыста қар жаумаған, он күндік және айдың орташа



температурасы көп жылдық орташадан үш немесе одан жоғары градуспен артық суытып, мал су, азықтан тарығатын жағдайды қара жұт дейді. Жазда қуаңшылық, құрғақшылық болған өлкеде қыста қар жаумаған, он күндік және айдың орташа температурасы көп жылдық орташадан екі немесе одан жоғары градуспен артық суытып, мал су, азықтан тарығатын жағдайды қара жұтаңқылық дейді.

Ауа райының беймезгіл жылынуы, суытуы салдарынан қардың беткі немесе астыңғы қабаты мұз құрсанып, мал жайылатын мүмкіндік қалмаған, немесе қардың тығыздығы 0,35 гр/см<sup>3</sup>, не одан жоғары болған жағдайды темір немесе мұз жұт дейді.

## **5.МАЛШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕС**

### **Отбасы мүшелерінің денсаулығы жөнінде:**

Әр адам өзінің және отбасы, бала-шағасының денсаулығына ерекше мән бергені дұрыс.

- Ауа райына байланысты туындайтын қиыншылықтар мен отар, көші-қон кезінде жылы киініп, тоңу, үсінуден сақтану;
- Қарттарды, жүкті немесе нәрестелі ананы мейілінше үйде, немесе отырықты жерде болдыру, отарға, көші-қонға жібермеу;
- Шұғыл түрде дәрігери көмек алатын жағдайда ең жақын жердегі дәрігерге, аурухана апаратын жол, байланыс телефоны туралы мәліметті болу;
- Құнарлы тағам жеу, баланы омыраумен тамақтандыру, жас балалар мен жүкті немесе омырауда баласы бар аналар қосымша азық пайдалану;
- Ұзаққа созылған қарлы боран кезінде үйге кіріп-шығып отыру, есік алдына түскен қарды тазалап, алыстату. Себебі, үйдің есігі ашылмай қалу қаупі бар;
- Жеке бастың тазалығын қатаң сақтау;
- Өлген малдың жемтігімен абайлап қатынасып, инфекциядан қорғану тәртібін қатаң сақтау, залалсыздандыру.
- Үсінген жағдай кездесе:
  - Дененің үсіген жерін суық суға малу. Алайда, судың температурасы дененің үсімеген жерінің температурасымен шамалас болу қажет. Ыстық суға малуға тыйым салынады;
  - Қолдың саусақтары үсіген жағдайда қолтыққа тығып жылыту;
  - Теріге зақым келудің алдын алып, үсіген жерді қармен тазалау /уқалауға болмайды/;
  - Жылытқыш құрал, ыстық лампа, қабырға пешпен жылытуға тыйым салынады.

### **Жүкті аналарға арналған кеңес:**

Жүктіліктің алғашқы 3 айында дәрігердің бақылауына кірген жөн. Жүктілік бақылауына уақытында кірудің төмендегідей маңызы бар:

- Босанатын мерзімді дәл анықтау;
- Медициналық сараптамаға қамтылу
- Маманды дәрігерлерге қаралып, дені сау екендігіне көз жеткізу
- Қандай да бір сырқат белгілері байқалған жағдайда емделіп, сауығу

- Құрсақтағы нәрестенің өсуін, дамуын бақылау
- Кездесуі мүмкін қиыншылықтардың алдын алу, қиындық туындаған жағдайда уақыт өткізбей көмек алу
- Жүктілік кезіндегі тәртіп, босануға дайындалу, нәрестені асырау туралы мәліметті болу
- Жүктілік демалысын алу

**Жүктілік кезінде төмендегідей сырқат, қауіпті белгілер білінсе, жедел дәрігерге қаралыңыз:**

- Бас ауыру
- Жүрек айну
- Ентігу
- Дене салмағы қосылмау, немесе аптасына 400 грамнан артық қосылу
- Құрсақтың төменгі бөлігі шаншып ауыру
- Көз қарауыту
- Көздің алдында от ұшқындау
- Құлақ шыңылдау
- Ісіну
- Несептің мөлшері азаю
- Терінің беті кенеттен ағару
- Бала қозғалмау
- Жатырдан қан немесе су шығу

**Нәрестенің бағым-күтімі туралы кеңес:**

- Дүниеге келгеннен кейінгі 28 тәулікті нәресте шақ деп атайды. Ананың қанындағы гармон нәрестеге жалғасу арқылы, ұл және қыз нәрестенің кеудесі /омырау үрпі/ ісіп, кей жағдайда сүт шығуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай болып есептеледі және емдеудің қажеті жоқ. Омырау қабынуы мүмкін болғандықтан саууға болмайды.
- Үйге шыққан соң кіндікті құрғақ, таза ұстап, еш нәрсе жақпау қағидасын ұстанады. Кіндікті ауада ашық, орамай ұстаған жағдайда 2 аптаның ішінде кеуіп түсіп қалады.
- Нәрестенің денесінің жылу үйлестіру үдерісі тұрақтанбаған болатындықтан, тоңдырмай жылы ұстау маңызды.
- Нәрестенің терісі дымқыл, құрғамаған, бала өз жылуын ұстай алатын дәрежеге жеткен болса күн сайын, басқа жағдайда аптасына 3 рет немесе күн аралатып суға түсіруге болады.
- Баланың бетін қайнаған жылы сумен күн сайын жуады. Құлақтың арты, мойын, қолтық, шап қатарлы оңай қызаратын жерлерді күн сайын тексеріп, арнайы жақпа майлардың қай сәйкес келетінін қолдану.

### **Психологиялық кеңес:**

- Көңіл-күйді тұрақты ұстап, кездескен қиыншылықтарды көрші-қолаң, ағайын-туыс, жергілікті әкімшілік пен жәрдемдесуге келген адамдарға айтып, кеңес алу;
- Өзіңізде уайым, күйзелу, үрейлену, толқу, бас ауыру, алақан терлеу, еңтігу, асқазанның маңайы ауыру қатарлы белгілер білінген жағдайда ішіңіздегі сырыңызды өзгелермен бөлісіп айтып отыру. Мұндай жағдайда арақ немесе тыныштандыратын дәрі қолданудан мейілінше бас тарту;
- Балалар мен отбасы мүшелерін, жақындарыңызды тыныштандырып, олардың айтқанын тыңдау, болған оқиға туралы әңгімелесу, әсіресе, балада туындаған қорқыныш, екінші сезімдерін арылту, оларға ынталандыратын сөздер айту, жігерлендіріп дем беру;
- Балалармен және отбасы мүшелерімен бірге болу, қандай да бір нәрсені бірлесіп жасау, ең бастысы ден сау болса барлығын жеңуге болады деген сенімді бір-бірлеңізге ұялату.

### **Малшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы:**

- Мүмкіндігінше отын ағаш, көмір, тезек, қидың қорын жинау;
- Жас балаларды мал қайыруға жібермеу;
- Ауа райы мәліметін толық пайдаланып, ауа райы қолайсыз кезде малды жақын жайылымға жаю;
- Сенімді ат, көлікті әр кез дайын болғызу;
- Күрек, тесе, жоты, балу, кетпен қатарлы құрал-саймандарды сақадай сай болдыру;
- Қажет жағдайда малға көмек көрсететін дәрі-дәрмек қорабы болу;
- Үйде кемінде бір ұялы телефонды тұрақты жұмыстату.

## **6. ҚЫС ҚЫСЫМШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖҰТ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАЛА ҚОРҒАНШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ КЕҢЕС**

Жұт – біздің елімізде жапай кездесетін табиғи апат түрі. Жұт кезінде көбінесе малшылар мен малға баса назар аударылады. Алайда, жұт балаларға кері әсер ететінін көп ретте аңғара бермейміз.

Жұтта аймақ, сұмын орталығындағы мектептерде білім алатын малшы балалары: “Ата-анамыздың жағдайы қалай екен, малымыз аман ба екен, қар көп жауды ма екен, жол жабылып қалмады ма екен, отын-суы жеткілікті ма екен, егер қолда бар малдан айрылып қалсақ ары қарай қалай өмір сүреміз, маған атаған жылқы қайтіп жүр екен” деп көп нәрселерді ойлап, уайымдап, іштей қамығып жүреді.

Осылайша көңіл-күйі жайсыз, уайымға салынған бала сабаққа назар аударайын десе де аударма алмай, ары қарай сабақтан қалу, үлгерімі нашарлау, сабаққа деген ынтасы азаю, тіптен мектептен қол үзуі де мүмкін. Сондай-ақ, кейбір малшылардың балаларына көңіл бөлуі азайып, соның салдарынан баласы қандай да бір қылмыс-қайшылыққа байланысу, зорлық-зомбылыққа ұрыну қатарлы қауіп-қатер молаяды. Тек малшылардың балалары ғана емес, өзге балалар да тоңу, тоңғаннан болып сырқатанып қалуы көбейеді.



### **Жұт кезінде балаларды қалай қорғау қажет?**

- Жылы киіну
- Құнарлы азық-түлікпен қамтамасыз ету
- Ауа райының алдын ала мәліметін тұрақты алып, пайдаланып дағдылану
- Баланы, әсіресе кішкентай бүлдіршіндерді үйде жалғыз қалдырмау
- Баланы мал қайыруға, іздеуге және өзге де жұмыстарға жібермеу
- Балаға, әсіресе үйінен алыста жүрген балаға психологиялық алғашқы сатылы жәрдем көрсету, өз бетімен үйіне кетіп қалудың алдын алу, мектептен қол үзбей білім алуына ден қою
- Балаға өзін және өзгелерді қорғайтын білім, қабілет, дағды игерту
- Балаларды жасына, психологиялық ерекшелігіне сәйкескен табиғи апат туралы қысқаша семинарларға қатыстыру

- Балалардың бос уақытын дұрыс өткізуіне баса мән беріп, оларға арналған бос уақыт өткізу шараларын, оқытуларын тұрақты ұйымдастыру

### Балаға алғашқы сатылы психологиялық көмекті қалай көрсетеді?

Жұт кезінде артта қалған отбасын уайымдайтын, көңілі жабырқау жүрген балаларда төмендегідей қылықтар байқалуы мүмкін. Мұнда:

- |                                   |   |
|-----------------------------------|---|
| ➤ Қорқу                           | ➤ Кенеттен ыстығы көтеріліп ауыру                     |
| ➤ Сасқалақтау                     | ➤ Ашулану, қапалану                                   |
| ➤ Жылау                           | ➤ Жабырқау  |
| ➤ Төсекте кіші дәретке отырып қою | ➤ Зейіні нашарлау                                     |
| ➤ Ұйқысы қашу, түс көру           | ➤ Ойыны азаю, мүлде ойнамау                           |
| ➤ Ойға шому                       | ➤ Үнсіз қалу, сөйлемей                                |
| ➤ Достарынан алшақтау             | ➤ Жатақханадан қашуға әрекеттену                      |
| ➤ Оғаш мінез көрсету              | ➤ Сабаққа деген ынтасы азаю, себепсіз сабақ үзу, т.б. |
| ➤ Қозғалысы азаю                  |   |
| ➤ Үлкендердің сөзін тыңдамау      |   |

Егер баладан жоғарыдағыдай қылықтар байқалатын болса ата-анасы, асыраушысы, мұғалімі, көршісі, достары, сіздер онымен сөйлесіп, көңіл-күйін “емдеңіздер”. Мұнда төменде көрсетілген үш сатылы қағида бойынша жәрдемдесіңіздер:



**Қарау:** Баланы мұқият бақылап қарау керек. Қарны ашып, шөлдеп, тоңып жүр ме, әлде үйін сағынып жылап тұр ма, ұйықтай алып жүр ме, тамағын уақытылы ішіп жүр ме, достарымен ойнай ма, үйіндегі адамдармен байланысқа шыға алып жүр ме, сабағын түсініп жүр ме дегенді бақылайды.



**Тыңдау:** Бала не айтып жатыр, оған не керек дегенді мұқият тыңдап, шын пейілмен әңгімелесу.



**Байланыстыру:** Қажетті жағдайда баланы дәрігермен, әлеуметтік қызметкермен, психологпен кездестіру қатарлы маманды адам, ұйыммен байланыстырады.

**Қажет болса төмендегі телефонға хабар беріңіз!** Телефон номерлерінің алдына жергілікті жердің кодын енгізу қажеттігін естен шығармаңыз.

- 101-өрт
- 102-полиция
- 103-жедел жәрдем
- 105-апат, авария
- 108-балалар телефоны
- 109-малшылар анықтамалығы

## **7.МАЛ ЖӘНЕ ЖАН-ЖАНУАРЛАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ҚЫЗМЕТ БАРЫСЫНДА ҰСТАНАТЫН НҰСҚАУ, СТАНДАРТ**

### **Мал басын шақтау**

Төтенше жағдай кезіндегі Мал және жан-жануарларға бағытталған іс-қызмет барысында ұстанатын нұсқау, стандартта малды сату, сою арқылы санын азайтуды кеңес етеді. Жаз мезгілінде ылғал аз түсуіне байланысты жайылымның көктеуі нашарлап, қысқы және көктемгі жағдай ауырлайтын нышан байқалған сәтте малшылар ерте бастан сататын, сойысқа салатын малдарын есептеп, дайындық жасауы – малды экономикалық айналымға енгізу, тапқан табысын жем-шөп әзірлеу, отарға шығуға жұмсауда маңызды міндет атқарады. Осылай жасаудың табын құрамының тепе-теңдігін, жайылым сиымдылығымен бірге қоршаған орта және халықтың денсаулығын болашақ қауіп-қатерден сақтап қалуда маңызы зор. Сонымен қатар, жұттан бұрын малды екпе, вакциналарға қамтып, сауықтыруға баса назар аударған дұрыс. Дені сау малдың өнімі мол, жаз және күз мезгілдерінде жақсы тойынып, қыс, көктемгі қиыншылықтарды еңсеру қабілеті жағынан артық болады.

### **Малдың су қамтамасыздығын жақсарту**

Малшылардың тұрмыс көзі болған малды төтенше жағдай кезінде қорғап қалудың басты қадамдарының бірі–тұрақты сумен қамтамасыз ету болып табылады. Мал суаратын су көзін тұрақты сақтау үшін қазіргі пайдаланып отырған құдықты жаңалап жөндеу, қыс, көктем мезгілдерінде қатып қалудың алдын алып, қосымша қақпақ салуға болады. Жаңадан құдық қазу ісінде көшпенді мал шаруашылығымен жалғасып келген дәстүрлі біліммен қатар, заманауи техника, технологияларды да пайдаланып, ғылыми тұрғыда қараған жөн.

### **Қаша қора, көң дайындау**

Көшпенді мал шаруашылығымен айналысушылардың басым бөлігі уақытша тыныштыққа бойсұнып жаймашуақ шақта малының қысқы қаша, қорасын жөндеу, жеткілікті мөлшерде көң дайындау қатарлы дайындық жұмыстарына көп көңіл бөле бермейді. Сарлық сиырға /сарлағ/ қораның қажеті жоқ деп санайтын жас малшылар да бар. 2015-2016 жылдың қысындағы бірнеше аймақты қамтыған жұтта көптеген сарлықтың шығын болуына қаша қора әзірлемеген, қыс дайындығын тыңғылықты



орындамаған қатарлы себептер әсер еткен. Малшылар үшін қолда бар материалдармен малдың қаша, қорасын, себеттерін салу – көшпенді мал шаруашылығына үлкен басымдық әкеледі.

## **8.МАЛДЫ ЖЫЛДАН АМАН ЕСЕН ШЫҒАРУ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС**

### **А.Қыстау және малдың жатар орнын жылы, құрғақ ұстау**

- Мүмкіндігінше жылы қыстаудан көшпеу
- Қаша, қораны күртік қар басып қалмас үшін себеттің артына 15-20 метр қашықтықта жалау орнату, 3-4 қатар қалтқы жасау, себеттің үстіне ара қашықтығы 5-7 метр боларлықтай етіп 3-4 жалау орнату /желбіреген жалаудың әсерінен қар алысқа түседі/
- Мал қоралайтын қораның солтүстік батыс және шығысына шұңқыр қазып, ішіне қатқан құмалақ, дымқыл сары көңді толтырып үйіп, бірнеше тәулік мал қораласа, қатқаны жібиді. Осы кезде қайтадан жаймалайды. Көңнен мейілінше аз үйінді жасаса, жылуын жақсы ұстап кебеді. Көң кептіретін шұңқырдың тереңдігі 70 см, ұзындығы мен ені 1 метр, ара қашықтығы 3-4 метр болады. Мұндай шұңқырға кептірген көң 16-18 шаршы метр алаңға жетеді.
- Қар мол кезде желдің негізгі өтіне 10 метр қашықтықта қардан 2-3 қалтқы тұрғызса, қарға қалқан болады.
- Аяз күшейген кезде түтін қойып, қаша мен қораның қырауын кетіруге назар аудару.
- Қораның көңін үю, көлеңке жағына ыстық күл, құрғақ құмалақ төгу, мал қорадан шыққан соң жатар орнын бүркеу, түтін қою қатарлы амалдарды қолданып қатырмауға болады. Сондай-ақ, қораның ортасына ені мен ұзындығы 1,5-2 метр, тереңдігі 1 метр көлемінде шұңқыр қазып, оған қатқан құмалақ төгіп, бетін құрғақ көңмен жауып, үстіне мал түнетсе, 24-48 сағаттың ішінде малдың жылуымен кебеді.

### **Б. Малды малдану туралы:**

- Малды жылы жатар орнынан қуып, айдап шықпай, ақырын қозғап, қашаға уақытша аялдатып барып өз ырқымен шығару
- Күшті қарлы боран кезінде қорадағы қойдың көзі қыраулайды. Малдың көзі қыраулау-оның қоңы төмендеуіне әкеліп соқтырады. Сондықтан, көз қыраулануын жіті қадағалап, қыраулаған жағдайда тазалау
- Үйлерді қатарластырып тігу, арбаның жетек ағаштарын қашаға жалғастырып тұрғызып қойып, берзент жамылғымен себет жасау арқылы малдың күйі кетуден қорғау
- Кетпенпен жайлымға баратын жолдың қарын аршу, шөбі шүйгін

жерлердің қарын алдыңғы кезекте арылту

- Қары мол жайлымға жылқы жайып, күртiк қарды қопсыту
- Малды ық жерге жаю.

#### **В.Малды суару:**

- Күйi қайтқан малды жылы сумен суарса, тыңаюы тез болады.
- Жемдеп отырған малды суарғанда 11 литр жылы суға бiр ас қасық тұз салып араластырып iшкiзу.
- Қыста жемдеп отырған малға берiлетiн су мөлшерi жаздағыға қарағанда 2 есе аз болатындығын назарда ұстау.
- Малға құнарлы жем беререден бұрын мiндеттi түрдеу суару, жемдi алдын ала жiбiту қажет.

#### **Г.Малға дәруменге бай сауықтыру сұйықтарын және минералды азық беру:**

- Жемдеп отырған малдың жатар орнын үнемі құрғақ, жылы ұстау
- Жемдейтiн малды күйiс қайырту мақсатында аз болса да шөп беру
- Жем-шөптiң көлемiне байланысты жемдейтiн малды сұрыптау

#### **Д.Үсiнген малды тыңайту:**

- Үсiнген малды бiрден жылы жерге кiргiзуге болмайды.
- Ең алдымен салқын жерге кiргiзiп орап, сары май қосылған қара шайды 100-150 грамм мөлшерiнде бiр сағат немесе 30 минут сайын орнынан тұрғанша iшкiзедi. Мұнан кейiн қымызды жылытып, 400-500 граммнан беру, шай, бетеге, тары қайнатып берiп сергiту.
- Үсiнген малға суық су iшкiзiп денесын ысқылап уқалау, жылылап орау, жылқының етiнiң сорпасы, сары май, сарымсақ беру.
- Арықтаған малды жабулау, бауырын, құрсақ тұсын жылылау.
- Малдың сирағының, тұмсығының жүнi түсiп жарақаттанғанда хоромхон майы, немесе жылқының, балықтың майын күйемен араластырып жағу.


#### **Е.Мал бастырылып өлуден сақтану:**

- Мал бастырылудың алдын алып, қашаға көптеген бөлмелер шығару, қой мен ешкiнi араластырып қамалу;
- Мал жататын орынды түнгi уақытта жарықты болдыру;
- Қашаға қалтқы жабу, күндiз қалтқыны көтерiп күн түсiру, жел кiргiзу.

## 9. ЖАЙЫЛЫМДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Моңғолияда мал шаруашылығымен айналысудағы ең қиын кез – қыс және көктем мезгілдері. Бұл уақыт шамамен 180-210 тәулікке жалғасады. Қыстау деп қыста мекендейтін жерді атайды және ық, жылы, жайлымы шүйгін, бастау, құдық, қары бар жерлерді таңдап қыстап, мал төлдетеді. Қыстау қысылтаяң кезде мал, төл шығындалмайтындай жайлы болғаны жөн.

Жайылымды алыстан жақынға қарай пайдалану дұрыс. Маусым ішінде жайылымды алмастырып отырады. Жер ауыстырып көшудің малды соны жерге жақындату, пайдаланған жайылымды сергіту, қайта қалпына келтіру, тақырланып, ластанудың алдын алу қатарлы маңызы бар.



Сурат 1. Қыс және көктем мезгілінде жайылымды тиімді пайдалану схемасы

Жайылым сиымдылығын үйлестіріп, малды дұрыс жаю арқылы тиімді пайдаланған жөн. Жайылымның сиымдылығынан асқан малды экономикалық айналымға енгізу, яғни еркек малды бордақылау, сою қатарлы шараларды қолдану керек. Жаз бен күзде қолға қарайтын малдың саны, өніміне сәйкес шаппа, жем дайындау – қысты аз шығынмен өткізудің алғы шарты болады. Сонымен қатар, батыс өлкенің малшылары үшін қысылтаяң кезде көп пайдасы тиетін табиғи тұз, ащы дайындауға мүмкіндік бар.

Табынның құрамы деп аталмыш мал түлігінің арасындағы оның жасы, жынысының иеленетін өзіндік үлесін айтамыз. Басқаша айтсақ, жылдың қай мезгілінде де табынның құрамын дұрыс, қалыпты ұстай алсақ, аталмыш мал шаруашылығынан ең мол мөлшерде өнім алуға болады деген сөз.

## **10. ТАБИҒАТТЫҢ КЕЗДЕЙСОҚ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТУЫНДАҒАН МАЛ АУРУЛАРЫН ЖАЗУ АМАЛДАРЫ**

**Малдың зәрі шықпау:** Қой және ешкі, сиырда зәр шықпай қалатын жағдай көптеп кездеседі. Бұл малдың жатар орны тоңданып, астынан ызғар өткеннен, тоңаннан болады. Қуығы тұтыққан мал ауырсыну, құйыршығын жиі-жиі көтеріп күшену, жатып тұру, мазасыздану, жүргенде құйыршығын тік көтеріп жүру, талтаю, зәрі тамшылап шығу қатарлы белгілер білінеді. Көп уақыт зәр шықпағаннан болып шабы, жыныс мүшесі ісініп, тұра алмай, ыстығы көтеріледі. Көтеремдіктен болып қуығы тұтыққан жағдайда сүйек сорпасы, тарының қайнатпасынан бірнеше литр береді. Сонымен қатар, қою қара шай, сүйек, еттің сорпасын ішкізеді. Шап, жыныс мүше, борбайына ыстық суға малған шүберек басады.

**Жіліншіктің жүні түсу:** Малдың жіліншігінің жүні түскен жерлерін тазалап, тезектің күлімен сүртіп кептіріп, “Хоромхон” немесе жылқы, суыр, балықтың майын күйемен араластырып жағып, табыннан алып қалып 2-3 тәулік жемдесе жазылады. Сонымен қатар, шүберек, теріден қап тігіп кигізуге болады. Жас малдың мұрыны оңай үсінетіндіктен жылқының майы, сары май жағып қойса тоңбайды. Суыққа тоңған мал қар жей алмағаннан болып шөлден өліп қалуы да мүмкін болғандықтан баса мән беріп, жылы қара шай, тұзды сумен үнемі суарып отыру қажет.

**Жара:** Қар жайып жұт болған кезде мал қатқан күртік қарды аяғымен тарпып қазғаннан болып терісі сыдырылып, жараға айналады. Қан аз мөлшерде шығып тұрса күл, жылы шоқ сеуіп уқалайды. Жазасы кешеуілдеп, жазылмай іріндесе залалсыздандырғыш сұйық немесе тұзды қара шаймен жуып тазалап, тезектің таза күлін себеді. Қан сорғалап, тері терең зақымданса орау қажет. Сонымен қатар, жараға шошқаның, аюудың, жылқының, суырдың майын жеке өзін, немесе қазанның күйесіне араластырып жағады. Арша, ағаштың жапырағын, тамырын кептіріп, оны жақсылап ұнтақтап жараға себеді. Бұларды маймен араластырып та жағуға болады.

**Сірке түсу:** Арықтаған малға сірке түсу ауруы көптеп кездеседі. Суықтан болып арықтаған малға сірке түссе арша, мойыл, тезектің күлі, темекі, қара жусан, ақ жирек қатарлы өсімдіктерді кептіріп, ұнтақтап малдың денесіне себеді. Тезектің көк күлін сірке, бүрге түскен жерге жақса жақсы әсер етеді. Сондай-ақ, малдың денесіндегі сірке түскен жерге жылқының, суырдың жылы майын жағып, терек ағашының күлін үстіне себуге болады.

**Бүрге түсу:** Малға бүрге қаптаса, жүні түсіп қасқайып, суықта тоңады, тіптен арықтап өледі. Ұсақ малдың денесіндегі бүрге үймелеген жердің қопсыған жүнін қолмен ашып, ыстық шоқпен қару, немесе сол жерге өсімдіктің, жылқының, суырдың ыстық майын /50-60 градус/ құйып емдесе жақсы нәтиже шығады.

**Мал көтерем болу:** Жұт кезінде күйі тайған мал көтерем болып, тұралап қалады. Көтерем малдың бағым-күтімін, жем-шөбін жақсартып асыраумен қатар, жерге от жағып, оның күл, шоғын тазалаған соң орнына малды жатқызса тез тыңайады.

**Құмқата болу:** Қара және ақ жұт кезінде және құрғақ құнарлы жеммен жемдеу барысында малды жеткілікті мөлшерде суармағаннан болып құмқата болатын жайт көптеп кездеседі. Құмқата болған қойды кенет тұрғызғанда жүріп бара жатып қайта қайта жығылу, аяғын жоғары қаратып тыпырлау қатарлы белгілер білінеді. Құмқата болудың алдын алу үшін малды тұрақты суару керек. Суарардан бұрын тұз берсе немесе тұзды сумен суарса жақсы әсер етеді.

## 11. КӨТЕРЕМ МАЛДЫ ТЫҢАЙТАТЫН ЖЕМ ӨЗІРЛЕУДІҢ КЕЙБІР РЕЦЕПТТЕРІ

### 11.1. Қарапайым жем

**Шөп тұнбасы:** Жоғары сапалы шөптен тұнба жасап, арықтаған мал, төлге берсе тезі тыңаяды. Тұнба дайындайтын шөпті 2-3 см ұзындықта турап, 8-10 литр қайнаған ыстық суға 300 грамм мөлшерінде салып, жылы жерге 5-8 сағат бүркеп қойса, тұнба дайын болады. Дайын болған 1 литр тұнбаға 10-15 грамм ас тұзын салып, ірі қара малға 1-1,5 литр, ұсақ малға 150-200 граммнан ішкізеді. Дәруменге бай шөп тұнбасы қызыл күрең өңді, қышқыл дәмді, қош иісті болады.

**Ұн ботқасы:** Ұн ботқасын дайындағанда 5-6 литр суға, немесе сорпаға 300-500 грамм ұн салып араластырып, қайнатады. Дайын болған ботқаны таңертең жайылымға шығардан бұрын ірі қара малға 1-2 литр, ұсақ малға 800 граммнан ішкізеді.

**Тары ботқасы:** Ұнтақтап түйген 1 кг тарыны 10 литр қара шай немесе 10 литр суға салып қайнатып, арықтаған сиырға күніне 3-4 кг, бұзау, тайыншаға 500 граммнан берсе, тез тыңаяды. Сонымен қатар буаз қой, ешкі төлдерден 15 тәулік бұрын күніне 0,5-1 литрден ішкізіп тұрса ақты туады. Ақсыз туған қойға жоғарыдағы мөлшермен берумен қатар, жас төлге 1 литр суға 200 грамм тары салып қайнатып, ботқа жасап, оған аз мөлшерде қант қосып, күніне 30-100 граммнан 2-3 мәрте береді.

**Тары шырыны:** Бір литр суға 200 грамм тары салып қойылғанша қайнатады. Оған 100 грамм сүт, 1 ас қасық құм шекер қосып қайтадан жылытып, сүзіп, төлге еміздікпен берсе жақсы тамақ болады.

**Тары және кебек доғалатпасы:** Өвөрхангай аймағының Төгрөг сұмынының малшылары ұнтақтаған тарыны 15 пайыз, қойдың құйрығын 30 пайыз, қуырған кебекті 20 пайыз, қайнаған суды 30 пайыз, ащы, тұзды 5 пайыз мөлшерінде қосып араластырып, 30-40 грамм мөлшерінде доғалатпа жасап, оттыққан төл, кәрі қой, ешкіге күніне 3 рет бір данадан береді екен.

**Тары, пияз түйіршігі:** Өвөрхангай аймағының малшылары 1 дана пиязды ұсақтап турап, оны бір ас қасық тұз, ұнтақтаған 1 кесе тарыға қосып араластырып, су немесе қандай да бір маймен илеп, салмағы 10 грамм мөлшерінде түйіршік жасайды. Аталмыш түйіршікті күніне бір данадан сиырға береді.

**Пияз, сарымсақ:** Арықтаған малды тыңайтуда пияз бен сарымсақ жақсы ем болады. Пиязды екіге бөліп, сарымсақтың 1 тұяғын ұсақ малға күніне бір уақыт береді. Ал, ірі қара малға одан екі есе көп берген абзал.

**Пияз тұнбасы:** Жабайы немесе екпе пияз малдың асқазан кислотасының бөлінуін жылдамдатып, ас қорыту мүшелерінің іс-қызметін жақсартады. Пияз тұнбасын дайындау үшін қабығын аршыған 300 грамм пиязды ұсақтап турап, бір шөміш ыстық суға 1-2 сағат қайнатады. Сосын оны сүзгімен сүзіп, бұзауға ас қасықпен күніне 3 рет, қозы, лаққа 2 рет береді.

**Сарымсақ тұнбасы:** Бір тұяқ сарымсақты 1 литр ыстық суға салып, 3-4 сағат қайнатқан соң бұзау, қой, ешкіге 3 тәулік сайын бір ас қасықтан беріп отырса, арықтаған мал тез тыңаяды.

**Шырғанақ тұнбасы:** Шырғанақтың дәруменді тұнбасын әзірлеу үшін жақсылап сыққан 100 грамм шырынға 500 грамм қайнаған ыстық су құйып, жылы жерге 4 сағат бықтырып қояды. Дайын болған тұнбаны қозы, лаққа 20 граммнан, ірі қара төліне 50 граммнан береді.

**Шайдың самасы:** Шайдың 1 литр мөлшеріндегі самасына 2-3 дана қант салып, таңертең ұсақ малға 250-300 грамм, ірі қара малға 0,5-1 литрден береді. Саманы өзге де жеммен араластырып беруге болады. 3-5 мүшесі бар отбасының бір жыл бойында қайнатқан шайынан 3 қанар сама шығады. Шайдың самасы кафеин және жан-жануардың организмін тыңайтатын заттарға бай болғандықтан оны қоқыс деп тастамай, күн көзіне, желге қойып кептіріп, кебек, аралас және құнарлы жемге қосып пайдалануға болады.

**Сары май қосылған қара шай:** Үсінген, көтерем болған малға сары май қосылған қара шайды 100-150 грамм мөлшермен 30 минуттан 1 сағат жиілікпен орнынан тұрғанша береді. 10 литр суға бір уыс шай салып қайнатып, орта уыс тұз, бір ас қасық сары май қосып сапырып, жылы қалпында ұсақ малға жарты литр, ірі қара малға 2-3 литрден ішкізеді. Күйі нашар, бұзаулаған сиырға сары май қосылған қою шай, қияқ, дәруменді шөп беріп, ащылы немесе тұзды сумен суарса аз уақыттың ішінде тыңаяды. Арпа немесе ұн қосып қайнатқан қою қара шайды қатты арықтаған малға

бір жолда 200-250 граммнан күніне екі рет берсе тез сақаяды.

**Қант қосылған шай:** Бір литр қара шайға 30 грамм құм шекер салып, оған 2 ас қасық балықтың майын араластырады. Дайын болған шайды төлге 100-150 граммнан 3-4 рет береді. Шайдың температурасы 35 гардус маңайында болғаны жөн. Бұзауға ара тұра қара шай берсе, асқазан ауруының алдын алады.

**Шай тұнбасы:** Қара шай тұнбасының әрбір 100 мл-іне 1-2 грамм тұз салып, ботаға 100-200 мл, қозы, лаққа 25-50 мл-ден күніне 3-4 рет береді.

**Кебек:** Кебекті малға құрғақтай, езіп немесе бөрттіріп беруге болады. Аз мөлшерде қуырған 2 кг кебекті 1 литр қайнаған ыстық суға араластырып, 3-4 сағаттан соң бір өзін ғана, немесе өзге де жеммен араластырып ірі қара малға 1-2 кг, ұсақ малға 300-400 граммнан күніне бір рет берген жөн. Кебек еzbесін әзірлегенде 1 литр суға 100 грамм кебек салып, 3 минут қайнатып, салқындаған соң қозы, лаққа 100-150 грамм, бұзауға 150-250 граммнан өлшеп береді. Кез келген малдың төліне 1 жолда беретін бықтырған кебектің мөлшері 50-150 грамм аралығында болады. Қосымша жемге кірген ірі қара малға тәулігіне 2-3 кг, сауын сиырға 3-4 кг, ұсақ малға 0,5-0,6 кг кебек беруге болады.

**Ақ уызды сұйық жем әзірлеу:** 10 литрлік ыдысқа 40-45 градус ыстық судан 5 литр, 2 кг түйген тары, кебектің қай бірін салып езеді. Езбенің жылылығы 40 градус болған кезде 200 грамм ашытқы /дрож/ салып жақсылап араластырады. Ыдыстың аузын жауып, жылы жерге 1-3 сағат қойған соң ол ашып, қымыз сияқты иіс шығып, алғашқы ашыртқы қор дайын болады. Осы қорды ары қарай молайтып пайдаланады. Жем дайындайтын 40 литрлік бидон ыдыс, немесе осыған ұқсас күбіге 45-50 градус жылы судан 30 литр құйып, 150 грамм тұз қосып ерітеді. Оған 4-5 кг кебек, ұнтақталған тары салып еzbе жем дайындайды. Еzbе 40 градус жылы болған кезде 3-4 литр ашыртқы қор қосып араластырып, ыдыстың аузын жауып, пештің маңайына 3-4 сағат орап қойып ашытады. Ашыған соң ыдыстың қақпағын ашады. Егер жабық тұрса борсиды. Дайын болған жемді 30-36 градус жылы күйінде барлық малға құйып беруге болады. Қой мен ешкіге 150-200 мл, сиырға 1-1,5 литрден тәулігіне 2-3 рет, ал қатты жұтаған малға бастапқыда аз аздан береді. Ақсыз туған малға 7-10 тәулік беріп, жылы қораға қамаса сүт кіреді. Нашарлаған қозы, лаққа 80-1000 мл мөлшермен күніне 2-3 мәрте 3-5 тәулік бойы беріп, ары қарай 100-150 мл, бұзауға 200-250 мл, тайыншаға 350-500 мл-ден күніне 2-3 рет 10-15 тәулік жемдейді. Аталмыш сұйық жемді малға кәтелмен ішкізіп үйретсе жұмысты жеңілдетеді.

## 11.2.ЖАН-ЖАНУАР ТЕКТІ ЖЕМ

**Жын:** Малдың жыны асқазанда шала қорытылып, ақ уызбен байытылатындықтан жоғары сапалы жем болып саналады. Кептірілген 1 кг жынның құнары 306 грамм ақ уызбен тең. Қысқы соғым кезінде малдың жынын жинақтап, 200 литрлік күбінің 70 пайызын жын, 10 пайызын кебек,

10 пайызын ащы, тұз, қалған 10 пайызын қанмен толтырып, жақсылап араластырады. Дайын болған соң бөлшектеп жинап, ұсақ малға күніне 500 грамм, төлге 120 грамнан қосымша жем ретінде беруге болады.

**Малдың қаны:** Соғым кезінде малдың қанын жинап алып, 10 кг қанға 100 грамм тұз салып кептіреді. Жағдай қиындаған кезде ұсақ малға күніне 50 грамм, ірі қара малға 100 грамнан беріп жемдейді.

**Қарын:** Күйіс қайыратын малдың қарыны әр түрлі құнарлы заттармен бай, нәрлі болады. Қарынды ұсақтап турап, тоқты, серкешке аз мөлшерде, немесе сорпаға қайнатып кәрі малға күніне 250-300 грамнан береді. Осындай сорпаға кебек езіп беруге де болады.

**Ет езбесі:** Жұқпалы емес аурумен өлген малдың етін 1,5-2, сағат қайнатып, сорпасы қоюланған соң сүйегін сылып алып, ащы, тұз салып езіп дайындайды. Күйегі болған, жұтаған малға жем берерден бұрын үлкен ас қасықпен күніне 3 рет берсе тез тыңаяды. Сонымен қатар, ет езбесін кебек, ащы, жуа, жылқының бауыры, майымен араластырып жұтаған малға берсе нәтижесі жақсы деседі.

**Еттің, сүйектің сорпасы:** Еттің сорпасы ақ уыз, май, минералды заттарға бай болғандықтан арықтаған, іші үлкейген малды тыңайтатын жақсы жем болып есептеледі. Ет сорпасына құрт, қарын, тары салып қайнатып, ірі қара малға 400-500 грамм, ұсақ малға 0,5-0,7 грамнан күніне 2 рет береді. Сорпаның өзін таңертең жайлымға шығардан бұрын ірі қара малға 1-2 литр, ұсақ малға 0,5-0,7 литр, тоқты, серкешке 0,4-0,6 литрден жылытып ішкізеді. Майлы сорпамен құнарлы және сықпа кебекты езіп, 50-100 грамнан малға жегізуге болады.

**Бауыр:** Бауыр ақ уыз, дәрумен, тәттілік заттармен бай болғандықтан малды жақсы тыңайтады. Жұқалап кескен бауырға аз мөлшерде тұз сеуіп, май құйылған қазанға сәл қуырып, ұсақ малға 30-40 грамм, ірі қараға 70-100 грамм, төлге 10-15 грамнан береді.

**Кептірілген ішек:** Малдың аш ішегі мен тоқ ішегін тазалап жуып кептіреді. Кепкен ішекті ұнтақтап ұн болдырады. 100 мл тұзды жылы суға ұнтақ ішектен 20-30 грамм салып, жақсылап араластырады. Бұдан неше литрді де дайындауға болады. Дайын болған сұйық жемнен тоқты, серкешке 100-150 мл, бұзау, тайынша, қой, ешкіге 150-200 мл, ірі қараға 500-1000 мл-ге дейін күніне 2 рет беруге болады. Малдың тілі, миы, көк бауыры, үйі, безі қатарлы ағзаларынан жем әзірлеп, бауыр, ішектің мөлшерімен малға беруге болады.

**Ми:** Малдың қосымша өнімдерінің ішінде ақ уыз, әр түрлі амин қышқылдарымен ең байы – ми болғандықтан жұтаған малды тыңайтуда таптырмайтын сапалы жем болып табылады. Жұқпалы емес аурумен өлген малдың миы, жұлыны жұтамаған малдың ұқсас ағзаларымен құрамы, сапасы жағынан бірдей болады. Азық үшін сойған немесе жұқпалы емес аурумен ауырып өлген малдың басын қайнату арқылы сүйегінен ажыратып,



мидың қоңыр қабықшасы мен жүйке тамырларын ылғап алып тастайды. Тек қана миы мен жұлынын ұсақтап кептіріп, ірі қараға 50-60 грамм, ұсақ малға 20-30 граммнан тәулік сайын қосымша жем ретінде береді.

**Ми тұнбасы:** 10 литр суға 3 ұсақ малдың миын ұнтақтап салып, 5-6 литр болып қойылғанша қайнатады. Салқындаған тұнбаны ұсақ малға 100-150 грамм, ірі қараға 300-400 граммнан шақтап береді. Жұт болған сонау 1976-1977 жылдың қысында жұтаған малды ми қайнатпасымен аман алып қалған малшылар Хэнтій қатарлы аймақтарда көп. Арықтап өлген, соғымға сойған дені сау ірі қара және ұсақ малдың миын мал жемі ретінде пайдалануға болады.

**Жылқы мен суырдың майы:** Сіңімділігі, құнарлылығы жақсы болғандықтан жұтаған мал үшін өте пайдалы жемдер қатарына жатады. Жылқы, суырдың майын арнайы құты, ыдысқа ерітіп, көктемде сықпа кебекке араластырып қолданады. Мұнда кешке малды қоралаған соң сауын сиырға 150-200 грамм, ұсақ малға 50-60 грамм, тоқты, серкешке 40-50 граммнан береді.

**Жылқының майы және тары түйіршігі:** Өвөрхангай аймағының Бат-Өлзий сұмынының малшылары жылқының майынан 500 грамм, сүйектің күлінен 450 грамм, ақ тұздан 100 грамм, тарының ұнынан 450 граммды өзара араластырып, 1 граммдай салмақта түйіршік таблеткалар жасайды. Онымен төлді жемдейді екен. Бұл жем көктемде қозы, лақты жұтаудан сақтауға көмектеседі.

### **11.3. АҚСЫЗ ТУҒАН МАЛДЫ ЖЕМДЕУ ТӘСІЛДЕРІ**

Ауа райы қолайсыз, қар мол жылдары мал қатты жұтап, зат алмасу процесі бұзылған жағдайда ақсыз туады. Ақты туғызу үшін буаз, күйі нашар малдарды ерте бастан қосымша жемге кіргізу қажет. Ақсыз туған малды төмендегідей ретпен жемдеуге болады. Мұнда:

- Ең алдымен тұрақты жемге кіргізіп, күніне 3-4 рет тұзды жылы сумен суарады.
- Қашада тұрған малға тұрақты шөп шашумен қатар, құнарлы сықпа жемді ыстық сумен араластырып бықтырып береді.
- Сүт кіргізу үшін қолданып отырған жем сапалы, мейілінше көп түрлі болғаны жөн.
- Малға сүт кіргізу үшін тарыны қара шай, сорпаға қайнатып, күніне 0,5-1 литрден 2-3 рет беру, бадам дәнегі, жуа, аскөк, қалақай тұнбаларын әзіреп, күніне 2-3 реттен ішкізу.
- Құнарлы шиыртпақ кебекті езде болдырып беру мүмкін болмаса, жақсылап бықтырып, тұз, ащымен дәмдеп күніне 2-3 уақыттан беру.
- Ұсақ малға күніне 0,5-1 кг, ірі қараға 3-4 кг құнарлы ширатпа кебек береді.

- Ақсыз туған малдың тәулігіне жейтін жемінің мөлшері қорада жемде тұрған өзге малдың жемімен тең болады. Аз жем берілсе, сүт кіруі де ұзаққа созылады.

#### **11.4.ТӨЛДІ ЖЕМДЕУ ТӘСІЛДЕРІ**

Жас төлді асырауда ең алдымен енесінің уызына тойғызу қажет. Уыз сүт тез бойға тез сіңеді және белок, дәрумен, көмір суға бай, төлдің ішіндегі қара тоңғақты тазалап, ауру-сырқадан сақтайтын иммунитет пайда болдырады. Төлдің жемін жас, марқа, әлжуаз төлдікі деп негізгі үш топқа бөледі. Мұнда:

- Жаңа туған төлді сағат, сағат жарымнан кейін ауыздандырады. Мұнда алдымен малдың желінін дымқыл, таза шүберекпен сүртіп, алғашқы бірнеше тамшы сүтті сауу арқылы үрпін ашып барып ауыздандырады.
- Жас төлді анасының жанында болдырып, енесінің сүтімен ғана қосымша жемсіз өсіреді. Егер енесінен бөлектеп өсірген жағдайда 3-4 рет уыз сүтке тойғанша емізеді.
- Енесі ақсыз туған болса, жас төлге шамалас уақытта туған өзге малдың уыз сүтін емізеді.
- Көптеген мал қатарынан ақсыз туып, сүт жетіспеген жағдайда жасанды уыз, құрғақ және қойылтылған сүт, сүтті алмастыратын жем, балалардың сүтке бөктірген каша, тары қатарлыларды жоғарыда аталған тәсіл бойынша әзірлеп, күніне 3-4 рет ішкізеді.
- Төлді бір аптадан соң құрамында жапырағы мол көк шөпті тұрақты жалмату арқылы оттықтыру қажет. Осы сәттен бастап алдына минералды жем, тұз қойып жалатады.
- Төл жататын орынға кәтелге үнемі су құйып қойып, ішкізіп үйрету керек. Суға аз мөлшерде тұз қосса, жақсы ішеді.
- Төлге екі аптадан соң кебек, ұнтақталған арпа қатарлы жемдерді жақсылап бықтырып, тұз, ащымен дәмдеп науа, кәтелге салып жегізіп үйретеді. Алдымен бір қозыға 30-50 граммнан жегізіп, үйренген соң 100 граммға дейін арттырады.
- Жуа, изен, қара жусан, бұйырғын, көк шөптің тұнбаларын әзірлеп, күніне 1-2 рет ішкізеді. Осылайша жемдесе төл тез етейеді.

**Асқазанның жасанды сөлін әзірлеу:** Жас төлдің сілекейі мен асқазанының сөлінде тұз қышқылы өте аз болатындықтан төлді жиі-жиі емізіп отырмаса, емген ақ уыз, сүтін қорыта алмай ауырады. Сондықтан, асқазанның жасанды сөлін аурудың алдын алу, ауырған төлді емдеу мақсатында төменде көрсетілген мөлшермен 4-5 тәулік береді. Жасанды сөл әзірлеу үшін 1 литр қайнаған таза суға 1,19 пайыздық 5 литр таза тұз қышқылын, 10 грамм пепсин ферментін қосып, жақсылап араластырады. Дайын болған жасанды сөлді бұзауға 60-100 грамм, қозы, лаққа 5-10 граммнан күніне бір рет емізерден 10-15 минут бұрын береді.

**Жасанды сүт:** Жасанды сүтті бәрнеше тәсілмен жасауға болады.

Мұнда:

- 87 грамм құрғақ сүт, 5 грамм ұн, 3 грамм тұз, 2 грамм балықтың майы, 3 грамм қантты 1 литр суға араластырып, ұсақ малдың төліне 200-300 грамм, ірі қара малдың төліне 0,5-1 литрден береді.
- 100 грамм қара кесек етті машиналап 1 литр суға қайнатып, сүзіп, сорпасына 100 грамм ұн салып сапырады. Сосын балықтың немесе өсімдіктің майынан 220 грамм, құм шекерден 30 грамм, ас тұзынан 15 грамм қосып, 0,5-1 сағат пісіреді. Салқындағанда биомицин тәріздес антибиотиктен 0,5 грамм салып, төлге жоғарыда көрсетілгендей тәсілмен береді.
- 200 грамм күрішті 1,5 литр суға салып, езілгенше қайнатады. Өзге заттарды жоғарыда көрсетілген мөлшер бойынша қосады. 10 литр суға 250 грамм балалардың кашасын салып, баяу отқа қайнатады. Әрбір литріне 10 грамм құм шекер, 5 граммнан май салады. Оны ірі қараның жас төліне 400-450 грамм, ұсақ малдың төліне 100-150 граммнан күніне 2 уақыт береді.
- 10 литр суға 250 грамм ұн салып араластырып, 30 минут қайнатып, әрбір литріне 10 грамм құм шекер, 5 грамм балықтың майын қосады. Оны ірі қараның төліне 200-250 грамм, қозы, лаққа 100-200 граммнан береді.
- 10 литр суға 250 грамм қуырылған сұлы немесе 500 грамм кебек салып, оны 1 сағат қайнатады. Салқындаған соң қоюын сүзіп алып үлкен малға береді. Ал, сұйығын ірі қараның төліне 500 грамм, ұсақ малдың төліне 100 граммнан өлшеп береді.

**Төлдің сүт орнына қолданатын жемі:** Сүт орнына қолданатын жемнің рецептісіне қызыл бидай 25 пайыз, сұлы 25 пайыз, тары 20 пайыз, арпа 14 пайыз, құрғақ сүт 10 пайыз, жүгері 4 пайыз, тұз 2 пайыз мөлшерінде кіреді. Аталған рецепт бойынша жасалған жем қыс, көктем мезгілдерінде ақсыз туған малдың төлі мен жетім төлді тамақтандыруға қолайлы.

Төлдің жемін өндіруде стандартқа сай жоғары сапалы астық дайындап, артық-ауыс қоспалардан арылту, арпа, сұлының қауызын толық тазалап кептіру қажет. Астықты сапасына сәйкес ұнтақтап, бірнеше мәрте сұрыптаған жөн. Қораптау, сақтау, тасымалдау барысында жемді еденге төгу, шаң тозаңға араластырып ластау, дымқыл жерге ұзақ қоюдан болып сапасы нашарлайды.

Сүт орнына қолданатын жемді үй жағдайында қолмен дайындау үшін ең алдымен рецепт бойынша қажетті астық, шикі заттарды әзірлейді. Астықты жақсылап кептіріп, қол диірмен, немесе темір, ағаш келіге салып ұнтақтап, ұсақкөзді елеуішпен елеп ұн жасайды. Онан кейін қажетті заттарды жақсылап араластырып, сүт орнына қолданатын жем дайындайды. Дайын болған жемді 4-5 кг-нан қорапқа салған тиімді. Мал ақсыз туған кезде сүт

орнына қолданатын жемге сүт, құрт, жұмыртқа, қант, май қатарлы заттарды аз мөлшерде қосса сапасы тіптен жақсарады. Сүт орнына қолданатын жем туғанына 7-ден жоғары тәулік болған төлді қоректендіруге қолайлы.

Бір литр қайнаған ыстық суға 130-200 грамм сүт орнына қолданатын жем салып араластырып, сәл қайнатып 36—38 градусқа дейін салқындатады. Туғанына 5-7 тәулік болған төлге 100-150 грамм, 7-14 қонақ болған төлге 150-200 граммнан күніне 2-3 мәрте береді. Төлді жылы жерге жайғастырып, астындағы көңін күн сайын құрғатып ауыстырып отыру қажет.

**Сүт және тары бөкпесі:** Аталмыш бөкпе төлді қоректендіруге қолайлы болумен қатар, ақсыз туған қой, ешкіге берсе сүт кіреді, арықтаған жас малға ішкізсе тез тыңаяды. Ақ мол болатын жаз, күз мезгілдерінде ербір үй сүт, тары қайнатпасын жеткілікті мөлшерде өзірлеп сақтаса, төлді шығынсыз аяқтандыруға, малды жылдан аман шығаруға себі тиеді. Сүт және тары бөкпесінің құрамында ылғал 5,4 пайыз, протейн 20 пайыз, май 12,7 пайыз, крахмал 2,6 пайыз, азотсыз органикалық заттар 56,4 пайыз, күл 2,9 пайыз болады. Аталған бөкпені ащы дәм, иіс жоқ жаңа сауылған сүттен даярлайды.

Бір килограмм тарыны бөктіруге 3 литр сүт қажет. Пісіретін тарыны таза сумен 2 мәрте шайып, қазанға 6 литр сүт, 2 кг тары салады. Баяу отқа қайнатады. Тарыны күйгізіп жібермес үшін оттың табын дұрыс сәйкестіруге қажет. 10-15 минут қайнағаннан кейін тары өсіп, сүт суала бастайды. Пісу барысын қайта қайта тексеріп, тары біркелкі жұмсарған соң қайнату аяқталды деп көреді және шоқтың үстіне 5 минут бұқтырған жөн. Бір қалыпты баяу отқа бөктірілген 2 кг тары өскенде негізінен бір қазан болады. Алайда, бөктіру барысында сүт қосып құйса, тарының бөртуі тоқтап қалуы мүмкін. Дұрыс бөрткен тары өзара жабысып ұстаспай, әр түйірі жеке-жеке болады. Бөктірілген бөкпені қазандағы күйінде желге шығарып, 10-15 минут араластырып суытады. Суыту барысында бір біріне жабыстырып, баттастырмауға тырысыңыз. Суыған соң бөкпені жұқалап жаймалап кептіреді. Екі кг тары бөртпесін жаймалап кептіргенге шамамен ұзындығы 1 метр, ені жарты тақта қажет. Тақтаның ернеуі 3 см биіктікте болғаны абзал. Тақтаға салынған бөкпені себетті сөреге, немесе киіз үйдің көлеңке жағына қойып желге қақтырады. Тақтада 1 сағат тұрған соң бөртпенің түсі сарғыштап тобарсиды. Осы кезде тарыны екі алақанмен немесе арнайы құралмен үксе тез кебеді. Бөртпе шала кепсе көгеріп кетуі мүмкін.

Сүт және тары бөкпесін шүберек дорбаға салып, бір-екі күн желдің өтіне аударыстырып әбден кептіреді. Сосын берік қанарға 10-15 кг-нан қаптап, су, дым, шаң тозаң кірмейтін салқын қоймаға жерден биіктеіп сөреге сақтайды. Аталған бөкпе сәл ғана дым тисе болды бір біріне жабысып, көгереді. Бөкпені жем ұнтақтаушы машинамен, немесе қолмен ұнтақтайды. Малға берерде бір литр жылы суға 200 грамм ұн салып қайнатып, сосын 36-38 градусқа дейін салқындатып, ұсақ малдың төліне күніне 300-450 грамм, ірі қара малдың төліне 1,5-2 литр мөлшерінде береді. Арықтаған қой немесе ешкіге 0,6-1 литр, жас малға 0,5-0,8 литрден ішкізеді. Сүт және

тары бөкпесін ақсыз мал, сеңсеңдеген төлге қосымша жем тәртібімен күніне 200-300 граммнан береді. Ақсыз малдың төлін қоректендіру, марқа төлдің сеңсеңдеуінің алдын алып, етейту мақсатында қолданса, жақсы нәтиже шығады. Ақсыз малдың төлін қоректендірерде бір литр суға 80-100 грамм ұн салып сапырып, оның үстіне 200-300 грамм сүт қосады. Және де әр қайсысы бір қасықтан құм шекер, тұз, аз мөлшерде май қосып қайнатады. 36-38 градус болып салқындағанда төлге емізеді.

Марқа төлді етейту мақсатында қолданғанда 1,5 литр суға 100-120 грамм бөкпе қосып араластырып, ас қасықпен ұн, құм шекер, салып сапырып қайнатады. Мұндай жемге жылқының, не суырдың таза майын қасықпен қосып қоректендірсе өте қолайды.

Мүмкіндік болса тауықтың шикі жұмыртқасы, био катализатор, дәрумен, антибиотикпен байытып барып төлді қоректендірсе нәтижелі болады. Төлді ақықтандырғанда 3-7 тәулік болған жас төлді күніне 4 рет, 7-14 тәулік болған төлді 3 рет, 14-тен жоғары тәулік болған төлді 2 рет емізеді. Төлге бір жолда берілетін жемнің мөлшері туғанына 3-7 тәулік болған төлге 70-120 грамм, 7-14 тәулік болса 150-250 грамм, 14-тен жоғары тәулік болса 250-300 грамм болады. Жас төлді шалғыш салып емізіп, астын үнемі құрғақ ұстаған дұрыс.

**Төлдің құнарлы жемі:** Бұл жемнің құрамында төлдің өсіп жетілуіне қажетті ақ уыз, дәрумен, минералдық заттар жеткілікті мөлшерде болады. Төлді қоректендіретін 1 кг құнарлы жем дайындау үшін 100 грамм сүт, 100 грамм 2-сорттың ұны, 190 грамм тары, 200 грамм арпа, 200 грамм сұлы, 200 грамм кебек, 10 грамм тұз қажет. Оны өндірістік жолмен немесе малшылар өздері үй жағдайында даярлауға болады. Арпа, сұлы, кебекті қол диірмен, келімен ұнтақтап, елеуіш немесе марылмен елегенде 1 кг сұлыдан 500-700 грамм, арпадан 800-900 грамм ұн шығады. Аталмыш ұнды жоғарыдағы рецепт бойынша құрғақ сүт, ұн, тұзбен жақсылап араластырып, төлдің құнарлы жемін дайындайды. Оны 1 литр суға 100-150 граммнан келетіндей етіп әзірлеп, қатты қайнатады. Салқындаған соң ақсыз туған ұсақ малдың төліне күніне 2-3 рет 100-150 граммнан беріп, үйренген соң мөлшерін 200-250 граммға дейін арттырады. Бұл жеммен қоректендіріп отырған төлді тоңдырмаған жөн. Төлдің құнарлы жемін дайындаудан қалған астық қалдықтарын бықтырып, арықтаған малдың жемі ретінде пайдаланады.

**Сұлы езбесі:** Бұл жем төлдің ас қорыту жүйесін жақсартумен қатар ауырған, сеңсеңдеген төлді дереу тыңайтып, етейтеді. Езбе дайындағанда жоғары сапалы сұлыны шала қуырып, диірмендеп ұнға айналдырады. Бір кг сұлы ұнына 2,5 литр қайнаған су құйып, жақсылап араластырады. Сосын сұйығын сүзіп алып, әрбір литріне 5 граммнан тұз салып, қойылғанша қайнатады. Дайын болған жемді 30-35 градус температурада төлге береді және түн асырмай сол күні қолданып тауысқан жөн. Сұлы езбесін дайындағаннан қалған қою тұнбаны арықтаған малға береді. Төлді езбемен қоректендіргенде 12-15 тәулік болғандарына 50-60 грамм, 16-18 тәулікте 200 грамм, 19-21 тәулікте 300 грамм, 22-23 тәулікте 420 грамм,

24-28 тәуліктен жоғары жастағы төлге 500 граммнан береді.

### 11.5. МАРҚАЛАҒАН ТӨЛДІ ЖЕМДЕУ

Көктемде қар еріп, су тапшы болу, немесе жайылымның шөбі кеуіп, құнарлық қасиеті нашарлау салдарынан малдың сүті тартылып төлін тойдыра алмайды. Осы кезде марқалаған төлді жақсылап жемдеу қажеттілігі туындайды. Марқа төл шөп, құнарлы жемге әбден үйренген болатындықтан оларды енесінен алып қалып, қорада жемдейді.

- Төлге көк шөпті қалағанынша жегізу үшін шөпті шарбаққа салып, үнемі үстемелеп толтырып отыру қажет. Жазда жер көктеген шақта шауып дайындаған дәруменді шөппен жемдеу ең дұрыс.
- Ұсақ малдың төліне 100-150 грамм, ірі қараның төліне 200-300 грамм құнарлы жем тиерліктей есептеп, барлық төлге берілетін жемді алдын ала бықтырып дайындайды. Кебекті дымдап езіп, түстен бұрын науаға салады.
- Минералды жемді науа немесе кәтелге салып, іліп қою арқылы үнемі жалатады.
- Төлді таза, жылы сумен күніне 1-2 рет тұрақты суарады, немесе қалаған уақытында су ішу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.
- Көктемде күн ұзарып, жайлымдағы қардың көбесі сәгілген кезде марқа төлді күнді 3-4 сағат жақын маңға жайылтады.

Көкке әбден тойғанша осылай жемдесе, төл сеңсеңдемейді. Сеңсеңдеген төлді жемдеп, тыңайту ең маңызды. Көктемде қар еріп, күн жылынған шақта марқалаған төлді енесімен бірге жайылтқаннан болып



қозы, лақ малдың жүрісін көтере алмай нашарлайды. Төл қанша марқайып өз бетімен шөп жей алатын халге жетсе де, жайылымның крахмалы мол, сірі шөбін толық қорытып, сіңіре алмайды. Сондықтан да, төлді күн сайын бақылап, сеңсеңдеу белгісі білінгендерін сұрыптап қораға алып қалып, көк шөп, құнарлы жеммен жемдеп тыңайтады. Сеңсеңдеген төлге ақ уыз, дәруменге бай азық беріп, жедел тыңайту қажет. Жемге ұн кебек, тары, құрт тұнбасы, жуа, қалақай, дәруменді шөп, самырсынның қылқаны қатарлыларды қосып, күніне 1-2 реттен берсе, құнарлы, түйіршік кебектің езбесімен жемдесе дереу сақаяды.

## **11.6. ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕГІ ҚОРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ЖЕМ ӨЗІРЛЕУ**

Табиғи шаппа өзірлеу – малшылардың дайындап келген басты жем-шөбі. Шаппа дайындау технологиясы қарапайым, оңтайлы болады. Қазіргі таңда дайындалатын барлық жем-шөптің 65 пайызын шаппаның шөбі иеленеді. Орманды, жазықты өлкелерде шаппа дайындауға ең қолайлы мерзім – шілде айының аяғынан тамыз айының аяғына дейінгі 30-35 тәулік уақыт. Егер аталған уақыттан ерте, немесе кешігіп шапса, әр гектардан 4,6-7,8 ц/га шөп алатын мүмкіндіктен айрылады. Ал, шаппаға 3 алаңды 3 жылдық ауысым технологиясын енгізу – өсімдік өсім процесін қалыпты жүргізіп, қайта қалпына келтуге қажетті минералды заттардың қорын жинақтауына мүмкіндік береді. Нәтижесінде шаппа алаңын тозғындатпай, көп жыл пайдалануға жағдай жасалады.

**Жуадан жасалған жем:** Маусым айының 15-нен тамыз айының 20-сына дейін жуа теріп, оны турап, немесе ет машинамен машиналап, сөліне тұз, арша араластырып дайындайды. Екі шөміш жуаға 200-250 грамм ұн, не кебек, арша, 5-6 ас қасық ұнтақ тұз, ащы салып, 20-50 грамм доңғалақ жем жасайды. Жасалған жемді көлеңке жерге кептіреді. Осылай кептірілген жемді құрғақтай, яғни ыстық суға салып тұнба түрінде қолданумен қатар, шөп және өзге де азықтармен араластырып берсе, мал жемге оңай кіреді.

**Қалақай:** Қалақайды көктей бастаған сәтінен бастап тамыз айының ортасына дейін қол тартпамен шабады, немесе аласа кезінде қайшымен қырқып алып, құнарлы азық жасайды. Жаңадан өсіп келе жатқан қалақайды теріп алып турап, әрбір килограммына 10-20 грамм тұз немесе ащы, 100-150 грамм кебек қосып, әр түрлі пішінде қалыптап, көлеңке жерге кептіреді. Сондай-ақ, қалақайдың өзін ғана ұсақтап турап кептіріп алуға болады. Осылай дайындаған 2 кг қалақайға 10 литр су құйып, 30 минуттай қайнатады. Сосын қақпағын бітеулеп жауып, 1-2 сағат қойған соң марылмен тұнбасын сүзіп алады. Қалақай тұнбасына ас тұзын қосып ерітіп, қозы, лаққа 30-50 грамм, құлын, бұзауға 50-100 граммнан күніне 3-4 рет береді.

**Изен тұнбасы:** Изен – ақ уыз бен майға бай, азықтық сапасы жоғары өсімдік. Изенді шілде, тамыз айларында жасыл қалпында жинап кептіреді. Тұнба өзірлерде 10 литр суға екі кесе немесе 200-300 грамм ұсақтап тураған изен салып, күрең, қоңыр өңді болғанша қайнатады. Арықтап тұралаған

қой,ешкіге 0,5-1 литрді берсе тез тыңаяды.

**Жұсай:** Жұсайды қыркүйек айында дайындайды. Оны өсіп тұрған жерінен теріп алып, ұсақтап турайды. Аршамен араластырып, 10 кг-ына 0,5 кг ұнтақ тұз салып, қарын, тұлыпқа салып басуға болады. Ыстық сумен жасалған жұсай тұнбасын сүті аз мал, немесе көтерем тоқты, серкешке ас қасықпен күніне бір рет береді.

**Ағаш жапырағы:** Қайың, терек, шегіршін, тал, ырғай қатарлы ағаштардың жапырақтарын сарғайып түскен соң қанарға салып сақтап қояды. Жапырақты малға беретін шөптің 20-30 пайызына тең мөлшерде алдына ала суға салып жібітіп дайындап береді.

**Нүк және құмалақтан жасалған қоспа жем:** 100 кг қоспа жем дайындау үшін 21 кг ағаштың нүгі, 25 кг кебек, 46 кг қызыл бидай, 8 кг жылқының құмалағын ұнтақтап, араластырады. Қыста немесе көктемде мал жайылымнан келген соң қоспа жемді сиырға 2,5-3 кг, қой, ешкіге 200-300 граммнан аздап дымдап береді.

**Сықпа жем:** Сүйектің ұны, күлі, тұз, ағаштың қабығы қатарлыларды шөппен араластырып, сары су, құрт, қанмен илеп дайындайды. Мұнда: 10 литр қан, немесе сары су, құртқа сүйектің ұнынан 500 грамм, ащы, ұннан 100 грамм қосып қайнатады. Бұған 1 кг тұз салып, кірпіш сияқты нығыздайды. Сықпаның ортасынан тесік шығарып кептіріп, ағашқа іліп қойып малға жегізеді. Жоғарыдағы тәсілмен дайындаған жемді сықпай шиыртпақ жем түрінде түрінде көтерем малға берсе тез тыңаяды. Мұндай жемнің дымқыл кездегі салмағы кептіргенде 4 есе азаяды.

**Шөп тұнбасын әзірлеу:** Ол үшін шөпті 2-3 см ұзындықта ұсақтап турап, кетелге салып 1 кг-ына 6-8 литр су құйып жылы жерге 5-6 сағат қояды. Дайын болған тұнбаны сүзіп алып, әрбір литріне 10-15 грамм ас тұзын қосып, көтерем ірі қара малға 1-2 литр, ұсақ малға 150-200 мл-ден береді.

## **12.ӨЛГЕН МАЛДЫҢЖЕМТІГІН ЖОЮ ТУРАЛЫ КЕҢЕСТЕМЕ**

Жұт салдарынан көптеп өлген малдың жемтігі қоршаған ортаны, мал жайылымын, ауыз суды ластайды. Сонымен қатар, әр түрлі індеттердің шығуына, аурудың таралуына себеп болып, адам мен малдың денсаулығына зиян тигізеді. Сондықтан оларды көктем шыға ауа райы жылынардан бұрын тиісті нұсқау бойынша жояды. Өлген малдың жемтігін жоюуды жерге көму, немесе өртеу деген екі тәсілмен жүзеге асырады.

**Көму:** Малдың қаша қорасы, себетіне 100 метрден жақын емес қашықтықта, селге ақпайтын жерді таңдап алып, тереңдігі 2 метрден кем емес емес шұңқыр қазып дайындайды. Өлген малдың жемтігін қазылған шұңқырға көмеді. Алдымен шұңқырдың түбіне құрғақ залалсыздандыратын зат сеуіп, жемтік, күлді төккеннен кейін үстіне қайтадан шашады. Бетін



топырақпен жабады. Жемтікті өртеп жойған жағдайда да күлін, өзге де қалдықтарын осы жолмен шұңқырға көмеді.

**Өртеу:** Тереңдігі 2 метрден кем емес шұңқыр қазылады. Түбіне сабан төсейді де жемтікті шұңқырдың ортан беліне дейін жинап, жанғыш зат шашып өртейді. Өрт шығудан сақтанып, айналасына топырақ және өзге де нәрселермен қалтқы жасайды.

**Ескерту:** Малдың жемтігін өртеген жерді қоршап, таспен бастырып, маңайына ескерту тақтасын /ені 50 см, ұзындығы 60 см, биіктігі 2 метрден төмен емес, “Ескерту: Адам және мал кіргізуге тыйым салынады” деген жазуы бар/ орнатады. Жергілікті әкімшілік және маманды ұйым аталмыш жерді бақылауға алады. Орын-жай анықтағыш /GPS/-пен тізімдейді. Өлген малдың жемтігін көмген нүктені аймақ, сұмын әкімшілігі бақылауында 3 жыл бойы ұстап, адам және малды кіруіне, өндірістік және тұрмыстық мақсатта қолдануға тыйым салады.

**Тазалау, залалсыздандыру:** Жемтікті жоятын жерге тасып әкелген көліктің жүк артатын бөлігі су өтпейтіндей бітеуленеді. Өлген малдың жемтігін жинап, жою жұмысына қатысатын адамдар қорғаныс киімімен толық қанымдалған болу керек. Жұмыс біткен соң киім, дененің ашық жерлерін, көлік, қаша қора, көң, жем-шөп, құдықтың айналасын рұқсат етілген затпен залалсыздандырады. Қажет деп көрсе қорғаныс құралдарын, киім-кешекті де жояды.



**Save the Children**

Мекен-жайы: Балаларды қолдау қорының  
Моңғолиядағы бағдарламасы, Улаанбаатар қаласы,  
Чингэлтэй ауданы

Аризона орталығы, 4-қабат

Телефон: + 976-11-329365, +976-11-329371

Факс: +976-11-329361

И-мэйл: [MONGOLIA.SECRETARY@SAVETHECHILDREN.ORG](mailto:MONGOLIA.SECRETARY@SAVETHECHILDREN.ORG)

FACEBOOK: [SAVE THE CHILDREN IN MONGOLIA](#)

TWITTER: [SAVE THE CHILDREN MN](#)

Ғаламтор парағы: [WWW.SAVETHECHILDREN.MN](http://WWW.SAVETHECHILDREN.MN)